

БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП / ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Әдептілік Әдемілік

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24090/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Садуаева Гульсара Еркебулановна**Тәрбие сағаты****Тақырыбы:** Әдептілік Әдемілік**Мақсаты:** Оқушыларды әдептілікке, инабаттылыққа, сыпайы сөйлеуге

Тәрбиелігі: жаман мен жақсыны ажырата білуге, үлкенді сыйлап, кішіге қамқорлық жасауға, қарт адамды қадірлеу, ата анаы ардақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі:

Әдептілік туралы суреттер, «Әдепті бала арлы бала», «Үйрен жақсы әдептен, жирен жаман әдеттен» атты плакатқа жазылған сөздер.

Амандасу салтымыз: Сәлем саған -Жер ана!**Сәлем саған- Нұрлы күн!****Сәлеметсіздер ме қонақтар!****Аман есен болайық,****Биебітшілік қалайық.****Ұйымдастыру кезеңі:** Біз бүгін «Әдептілік әлеміне саяхат жасаймыз»

Ондағы міндетіміз: сыпайы сөздерді үйрену, үлкен қарт адамдарға қамқорлық жасау, қол ұшымызды беру, көмектесу, кішілерге ізет көрсету. Жолдастыңмен қалай қарым қатынас жасау керектігі жөнінде кеңнен танысып білмекпіз.

Педого сөзі: Әдептілік адам бойындағы ең асыл қасиет. Әдепті бала, ұқыты,

тілалғыш, шыншыл, қайрымды, еңбекқор, адал болады. Әдепті балалар кездескен адамдардың бәрімен амандасады, қоштасады. Ата-анасының айтқанын орындайды. Өтрік айтпайды, достарын жақсы көреді, ешкімді ренжітпейді

1. **«Бала мен қария»** деген әңгіме желісі бойынша көрініс көрсетеміз.

«Көше бойымен таяққа сүйенген бір қарт келе жатты. Ол әбден қартайғандықтан, бүкірейіп кеткен. Бір бала оған қарсы келе жатты. Әлгі бала оған жақындағанда жол береді. Үлкен адам алғыс білдірді».

Балалар , әлгі бала қандай сөз айтты?

Сәлеметсіз бе, ата, өтіңіз деді.

2. **«Автобуста»**

Аблайхан автобуста отыр еді. Бір аялдамада қарт әжей кірді. Аблайхан орнынан тұрды да «отырыңыз» деді.

Әжей Аблайханға алғыс айтты.

Автобус орнынан қозғалғанда Аблайхан байқамай алдындағы адамды итеріп қалады. Әлгі адамашуланып кетті. Аблайхан «кешіріңіз» деп айтып еді, қайта жадырай қалды.

Сұрақ- жауап:

Балалар Аблайханың істеген ісі дұрыс па?

Аблайханды әдепті бала деуге болама?

Аблайханның орнында өздерің болсаңдар не істер едіңдер?

3. **Оқушылардан сұрақтарға жауап аламын.**

1.Өзіңе көмектескен адамға немесе жолдасыңа не деп айту керек?

Рахмет.

2.Тамақ ішіп болған соң не деу керек?

Тамағыңыз дәмді екен , рахмет .

3.Біреу өзіңе рахмет айтса не дейсің?

Оқасы жоқ.

4.Байқаусызда біреуді қағып кетсең не деу керек?

Кешіріңіз.

5.Сыныпқа кешігіп келсең не істер едің?

Мұғаліммен,жолсатарыммен амандасып,кешірім сұрар едім.

6.Мектептен,қонақтан қайтқан кезде не дегенді ұмытпау керек?

Сау болыңыз.

Балалар бүгін біздерге қонақтар келіп отыр. Біз осы кісілерге әдептілік туралы өлең,тақпақтар айтып, әдепті оқушылар екенімізді көрсетейік

«Біз өмірдің гүліміз» әні орындалады.

«Әдептілік әліппесі» тақпақтарын жатқа айтады

Атам менің әманда

Әдепті жан бол деген.

Ата сөзі санмда

Жасы үлкенге жол бер.

Қорытынды: «Жүректен жүрекке».

Шеңберге тұрып бір- бірлеріне жақсы сөздер айтады.

Ғажайып сөздер.

Біз әдепті, сыпайы баламыз.

Әдепті бала- жақсы бала.

Әдепті, сыпайы балалар айналасындағыларды жағымды, сүйкімді екенін түсіндік.

Әрдайым әдепті, сыпайы болуға, кездескен адамдармен амандасуды, кешірім сұрауды, өтінемін деген жылы сөздерді үнемі айтуға үйрендік.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.